

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және  
архив ісі басқармасының "Абылай хан резиденциясы" КМҚК мен  
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы арасындағы  
ынтымақтастық туралы  
МЕМОРАНДУМЫ**

Петропавл қаласы

2022 жыл 05 мамыр

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Абылай хан резиденциясы" КМҚК директоры Садаев Аян Нәбиұлы және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры Садықбеков Мәулен Жарылқасынұлы, бұдан әрі әрқайсысы жеке-жеке (әрі қарай «Тараптар»), ұлттың мәдени және рухани мұрасын сақтау аясында тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасасуға келісті.

### **1. Меморандумның мақсаты**

Тұңғыш Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында. Үш жүздің басын құраған ұлы мемлекет қайраткері, бірегей қолбасшы, дарынды дипломат Абылай хан мен ислам дінін таратуға күш салып, түркі халықтары арасына сопылықтың орнығуына негіз салған әулие Қожа Ахмет Ясауи, яғни мәртебелі есімі Әзірет Сұлтан бабамыздың, сондай-ақ жергілікті тұлғалардың өмірі мен қызметін өскелең ұрпаққа насихаттауды жүзеге асыру, музейдің алтын қорында сақталып отырған құнды жәдігерлерді екі өңірдің жұртшылығына таныстырып, ел игілігіне ұсыну мақсатында, музейлеріміздің жұмыс бағытын ескере отырып төмендегі шарттардың орынлуын екі тарап міндетіне алады.

### **2. Ынтымақтастық салалары**

Тараптардың ынтымақтастығы мынадай бағыттарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін бірқатар негізгі салаларға жұмылдырылады:

- 1) ұлттың мәден және рухани қазынасын сақтау;
- 2) білім беру және біліктілікті арттыру;
- 3) салааралық қызмет;
- 4) өзара түсінікті қолдау;
- 5) іскерлік қарым-қатынаста болу;
- 6) қаржылық қызмет.

### **3. Ынтымақтастық нысандары**

Осы Меморандумның негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен мына бағыттар бойынша жұмыс істеуге келіседі:

1. Ұзақ және қысқа мерзімді тағылымдамадан өту, оқу өндірістік және ғылыми тәжірбиеден өту үшін Тараптарда бар мамандықтар бойынша зерттеушілерен кәсіби тәжірбиелермен алмасу;
2. Өзара ұлттық мүддені көздейтін және тарихи құнды болып табылатын жәдігерлерді сақтау және пайдалану саласында жоғары білікті ғылыми мамандарды даярлауда ынтымақтастық орнату;
3. Қазақстан Республикасында іс жүзіндегі заңнамаларына қайшы келмейтін өзара қызметтерді көрсету, бірлескен жобаларға қатысу;
4. Ғылыми еңбектерді дайындауда және оларды басып шығаруда ғылыми кеңес беру үшін, ғалымдарды тарту арқылы ғылыми-практикалық зерттеулер жүргізу;
5. Біріккен конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, Тараптарға арналған күндер мен басқа да ұқсас ғылыми шаралар және достастық елдердің тарихын зерттеуге бастамшылық ету. Сонымен қатар, біріккенмәдени шараларды баспасөз беттеріне шығару;
6. Жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша бірлескен ғылыми еңбектерді жариялау;
7. Тараптардың бағыты саласында ынтымақтастықты жүзеге асыруда материалдар және құжаттар, іс-шаралар туралы ғылыми ақпараттармен алмасу;
8. Егер ол тараптардың жарғылық міндеттеріне қарама-қайшы келмесе, тараптар қызметкерлерінің кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;
9. Тараптарда жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының шеңберінде гранттар алуға ортақ мәлімдемелер дайындау;
10. Тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарға хабарлау.

#### **4. Қаржыландыру.**

Осы Меморанду жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың басқа да жеке келісімдерімен анықталад. Келісім шартта көзделген, өз күзіреті шегінде Тараптар іс-шараларды қаржыландыру мақсатында қажетті шаралар қабылдауға міндетенеді. Сонымен қатар, шарттар әрбір нақты жағдайда жеке айқындалады.

#### **5. Пікірлер қайшылықтары**

Меморандум шеңберінде туындайтын даулар Тараптар арасында талқылау және достық келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

#### **6. Тараптардың жауапкершілігі.**

Әрбір Тарап өз қызметі үшін, сондай-ақ, әрекетті және әрекетсіздікті қоса алғанда, өз қызметкерлерінің қызметі үшін жауап береді.

## 7. Қолдану кезеңі

Осы Меморандум екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл бойы қолданылады. Тараптардың жазбаша келісімі бойынша Меморандумды келесі кезеңдерге екі жылдан аспайтын мерзімге ұзартуға болады.

## 8. Бұзу

1. Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулер енгізу үшін оның ажырамас бөлігі болатын өзара қосымша келісімі бойынша рәсімделіп тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қоюы арқылы жүзеге асырылады.
2. Кез келген Тарап үш ай бұрын екінші Тарапқа жазбаша хабарлама беру жолымен Меморандумды бұза алады. мұндай жағдайда, Тараптар Меморандумға сәйкес қабылданған іс-шараларды өткізу және ұйымдастырылған тәртіппен аяқталатынына тиісті түрде кепілдік беруге келіседі.
3. Тараптардың бірінен осы Келісімшарттың әрекетін тоқтатылуы Тараптардың уақытында аяқталмаған жобалар мен бағдарламалардың орындалуына ықпал етпейді. Осы Келісімшарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және міндетті болып табылады.
4. Бұл Меморандум екі данада қазақ тілінде жасалады, мәтіндердің барлығы бірдей заңды күшіне ие.

**Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің мәдениет, тілдерді  
дамыту**

**және архив ісі басқармасының**

**«Абылай хан резиденциясы»**

**ҚМҚК  
директоры**

**Садаев Аян Нәбиұлы**

Датасы: «  » \_\_\_\_\_  
2022 ж.

**Мекен-жайы:**

**Қазақстан Республикасы  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Петропавл қаласы  
Кәрім Сүтішев көшесі 1Б  
Тел: +7 7152502347;  
+77152530992  
E-mail: [abilaykhan@bk.ru](mailto:abilaykhan@bk.ru)**

**Қазақстан Республикасы  
мәдениет және спорт министрлігі  
мәдениет комитеті «Әзірет Сұлтан»  
мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы» РМҚК  
директоры  
Садықбеков Мәулен  
Жарылқасынұлы**

Датасы: «  » \_\_\_\_\_ 2022 ж.

**Мекен-жайы:**

**Қазақстан Республикасы  
Түркістан қаласы  
Әйтеке би көшесі 1Б,  
Тел: +7 72533 412-22, +7 72533 323-00  
E-mail: [azret-sultan@mail.ru](mailto:azret-sultan@mail.ru)**